



ПРОЗА

Арман алға жетелейді. Асқақ армандардың қанатына мінген Санат адвокат болсам деген мақсатпен қалаға келді. Елдегі үлкен жоғары оқу орындарының біріне түскеніне өзі де, ата-анасы да дән риза. Ол небәрі 18 жаста. Оқуға келген күннен көзге түсіп, жақсы білімімен, тәртібімен ұстаздарының, курстас достарының ортасында беделі арта берді. Қоғамдық жұмыстарға, түрлі іс-шараларға белсене қатысып, әрдайым жүздеп орындардан көрініп жүрді. Ұстаздары оның болашағынан үлкен үміт күтті...



ҚАУЫРСЫН –

АРМАН

Санат университетке асығып бара жатқан еді. Бір кезде оны жолдың шетінде жиналып тұрған төрт-бес бала тоқтатты.

– Сәлем, Санат! Қалайсың? Қайда барасың? – деп біреуі әңгімеге тарта бастады.

Санат бұл балаларды сырттай білетін. Күмәнді, күдікті істері көп, жүріс-тұрыстары да оғаш осы балалардың есірткіге жақын екенін де ұзынқұлақтан естіген. Сондықтан олармен амандасты да, өз жөнімен кетуге тырысты. Сол кезде балалардың ішіндегі бойшаң, арық бір жігіт:

– Күндіз-түні «оқу, оқу» деп басың ауырған шығар. Бір шылым шегіп, бойыңды сергітсеңші, – деді.

– Рақмет, жігіттер! Мен темекі шекпеймін.

Сол күннен кейін әлгі жігіттер Санатты маңайлауын қоймады. Танертең оқуға бара жатқанда,

кітапханада ұзақ отырып, жалдамалы пәтеріне кешірек қайтқанда алдынан шығып, темекі ұсынатын, достық ниетте екендіктерін, өзімен жақын араласқысы келетіндіктерін айтатын. Сөйтіп жүргенде, Санат сол жігіттермен қалай дос болып кеткенін өзі де байқамай қалды. Олар туралы баяғы жаман ойлардан арылып, сөздеріне де, өздеріне де сене бастады. Бір күні жаңа достарының ішіндегі ең үлкені, алғашқы кездесуде ұсыныс жасаған жігіт Санатқа есірткі ұсынды. Бір іскегеннен нашақор болып кетпейтінін айтып, ант-су

ішкен досы «жастық шақта осы бір ғажайып ұнтақтың дәмін бір сезіп көрмей өту жігіттікке жараспайды» деген тәрізді сөздер айтып, күштей бастады. Не керек, соңында ол көздегеніне жетті...

Санат – нашақор. Есірткі пайдаланбаса, өліп қалатындай жаны қиналып, көзіне ештеңе көрінбей кетеді. Оқуын баяғыда тастап кеткен. Онда «есірткі алатын ақшаны қайдан тапсам екен?» деген бір ғана ой қалған. Алғашында «Оқуға керек, анаған керек, мынаған керек» деген сылтаулармен ата-анасынан қомақты қаржы алып жүрді.

Кейін үйінен ақша ұрлайтын болды, соңында басқа да үлкен ұрықтарға, қылмыстарға араласа бастады. Осылайша зымырап уақыт өтіп жатты. Ата-анасы бар шындықты үш жылдан соң білді. Аялап өсірген ұлының нашақор болғанын білгенде ана жүрегі қан жылады. Ал бар уайымы мен қайғысын іште сақтаған әкесі қан қысымы көтеріліп, каза болды.

Санат бұл қасіреттің бәріне өзі кінәлі екенін түсінген де жоқ. Өйткені, оның миы ойлаудан қалған еді. Анасының емдетемін деп жанталасқан, дәрігерлерге

көрсетіп, шет елге де апарған еңбектері еш кетті, пайдасы болмады.

Есірткіге мастанған жігіт түнгі клубқа барып, көңіл көтеруді әдетке айналдырған. Бір күні түн ортасы болғанда клубтан шығып, өзі сияқты арақ-шараппен есірткіге масайрап, әбден қызған достарының көлігіне отырды. Шұылдасқан жастар «күзенің мың күнде емес, бір күнде сынанатыны» ойламаған еді. Солай көңіл көтеріп, мастықпен келген жасанды шаттыққа батып, өмір бойы жүре беретіндей көрген... Бір уақта делебесі қозып, айқайлаған жас жүргізуші рөлді басқара алмай қарама-қарсы бағытқа шығып кетті. Жеңіл автокөлік жолда ирелендеп барып, қарсы алдынан келген үлкен жүк көлігіне соғылды...

...Көктемнің шуақты күні. Терезеден бөлме ішіне тараған күннің

нұры бөлмені ғана қыздырып қана қоймай, жаңға да жылу бергендей. Терезенің алдында, мүгедектер арбасында отырған жігіт көшпеге ұзақ қарайды. Бір жаққа асығып жүрген адамдар, ары да, бері де зуылдаған әдемі көліктер, қарбалас тіршілік...

Арбаға таңылған жігіт бүгін өзіне арман боп қалған сол бір қарапайым тіршілікті ансайды. Өзінің де сол көшелермен оқуға асығып, алғашқы махаббатымен кездесуге асығып жүрген күндерін сағынады. Бір кезде көктемнің желі желіп, бір тал қауырсынды терезенің алдына әкеп тастады. Үлбіреген әппак қауырсын. Арбаға таңылған жігіт әйнектің ар жағында, баяу желмен діріл қаққан қауырсынға қарап ұзақ отырды. Абайсызда жұлынып, жел ұшырып әкелген әппак қауырсынды ол өзінің әппак арманына ұқсатты. Абайсызда желге ұшқан, адасып қалған, адастырып кеткен арманына... Оның адам болсам, өмірде өз орны бар, қоғамға пайдасы бар тұлға болсам, бақытты өмір сүрсе деп арманы да осындай кіршіксіз, әппак еді. Енді ол армандар жоқ, тек қана өкініш пен өксік қалыпты жүректе.

Жол апатынан соң бір аяғынан, есірткі пайдаланғаны үшін бір бүйрегінен айырылып, өзегін өкініш өртеп, терезеге телміріп отырған мүгедек жігіт сол баяғы арман қуып қалаға келген, мықты адвокат болып, әділет сакшысына айналамын деген Санат еді. Бір ғана қателігінің себебінен армандары адыра қалған, үкілеген әппак үмітінің күлі көкке ұшқан сол Санат еді..

Сымбат АЙДАРХАН

ПОРТРЕТТІК ОЧЕРК

ҚЫРЫҚ ШЫҒАҚТЫ

Әлем айналып төңкерілсе де кейбір жағдайлар есінен кетпес сәтке айналады. Ойланайды. Таңдандырады. Сол бір сағым күндердің естелігі ретінде қалған мына бір жайттар Жұмағалиева Гүлзінаның сұлулығына тән батырлығын да көрсетеді. Батырлық тек қана қылыш алып шайқасу, не мылтық алып қан сорғалату емес, батырлық өмірдегі кез-келген әрекетінен, басқан қадамынан, еткен әдісінен – ақ көрініп байқалып тұрады. Бұл кейіпкердің де бойында енеден көрген тегінен пен өмірден алған сабақтарынан қалған айбындылығы мен жүрек жылауы бар-тұғын.

Осыдан бірнеше жыл бұрын бұл мүмдігерге толы өмірден кеткен енесіне бүгін де шырақ жағып, дұға бағыштап отыр. Не көрсетпеді, не істемеді, қандай қарғыс айтпады деп бұлданғын, өкпесі қара қазандай болып жүрген жоқ, азаматтығы мен адамгершілігінің асқақтығын байқатып айтулы ас беріп, бәрінің басы қасында жүр. Оны бұл әулет «келін» санағанымен, кіші тұтқаным, терін шығарып жұмсағанымен, ақылдасатын ақылғөйі, барлық жағдайдың ретін тауып беретін данышпаны, той-томалағында оны да көтеріп ән шырақ беретін әншісі, күйін сыңғырлататын күйшісі, жана түскен келінді сәлем еттіретін беташары, асабасы да бәрі-бәрі де осы бір бет әлпеті жайнаған ару десен аруға саятын қазақтың «келін баласы» Гүлзінаның өмірінде істеп келе жатқан «майда-шүйделерінің» бірі еді. Құрсағына жеті баланы салған Жаратқан иемнің бұл кісіні әдейі сынағаны ма, әлде сол сынақтарына Гүлкеннің төзе алатынын білгендіктен бе, басына үйіп-төгіп берген бейнеттері де аз емес тұғын.

«Ене» деген жарықтық өз көрген бейнетінің еселін келінінен алуға әуестенген бе, әлде, үйін тазалап жүрген жүрегі жок жансыз санайды ма, қайдан білейін, әйтеуір, баласы мен келінінің арасына отты тұтатып жағып отыратыны бәріне айқын дүние... Әлде баласын қызғанады ма екен?

Адамдар негізінен түсініксіз болады кейде, әсіресе әйел үшін. Сол секілді бұл кемпірдің де не үшін неге олай әрекет ететінін түсіне алмаймын. Бір қызығы, ол он баласының ішінен дәл осы ұлы мен келінін жақсы көріп, өліп барды. Е, ойланып қалдыңыздар ма, жана ғана келінін жек көріп, енді керісінше жақсы



көредіге салғанын түсініксіз де болып жатқан шығар. Аша түсейін: кемпір бұл келінін жақсы көрмеуі мүмкін емес-ті, бақандай 7 немересін дүниеге әкеліп алдына салды, үйін мұнтаздай таза ұстап отыр, мептептегі жұмысына да барды, өңін де айтады, қонақ келсе жарқырап қарсы алады, әйтеуір, бір міні жоқ, жайбарақат басып алға жылжи беретін сұсты да сұлу келінінен кім айналмасын. Кемпірдің тағы бір жымылп қуанатын нәрсесі: өз баласының осы Гүлкенге ғашық болып, келін ғып әкелгені еді. Себебі, көптеген кемпірлер, енесінің қатарластары, көрші әжелердің барлығы балаларына осы қызды алуды сөз бастан-ақ айтып жүр екен. Міне, содан бастап, бұл үйге келін болып түскеннен кейін өздерінің қапы қалған реніштері

мен қызығушылықтарын келінінің енесіне талай рет айтып жатқанын да, «әй, Нүреке, бақыттысың-ау» деп бас шайқағандарын көзім көріп, құлағым сан рет естіген.

Бұл текті әулеттен шыққан қыз. Ал Нүреке кемпір де айбынды, өжет Жаксылық деген байдың ойнақшыған жалғыз қызы. Мінез де содан қалған шығар, бәлкім.

Гүлкеннің бауырларының барлығы бірдей ән десе ішкен асын жерге қоятын, саралай білетін саналы адамдар. Барлығы бірдей ән жолына түскен жоқ, тек қана осы Гүлзина ғана музыкант болып шықты. Енді бұл бауырлардың, яғни, Гүлзина мен оның бауырларының балаларының бір де бірінің өнерлі емесі жоқ. Барлығы бірдей өнерлі, сақалай сай тұрған музыканттар.

Ауданнан, облыстан өтіп, Республика, одан әрі Халықаралық көлемде де ән шырақ, би билеп, термеден жіберіп, жырдı төгіп, күйді шертіп, домбараның ішегін ағытқан, баянды кез-келген әуенге сала алатын өнерпаздар болып өсті, өсіп те жатыр, өсе береді де...

Сол өз әкесі «Орынбайдың әулеті» деп, биыл жазда айтулы концерт берді. Бұл да сол Гүлзинаның еңбегі еді, оған ешкімнің таласы да жоқ. Тіпті жиналған үлкен кісілердің өзі де «бастық Гүлка шешеді» деп мәселенін бар жағдайын Гүлзинаның мойнында тұрғанын сездіріп те қояды.

Бірде, дайындық болатын. Сол әулеттің барша балапандарына дейін сахнаға шығаруды көзделді. Бәрі де қырылдаған емес, сыңғырлаған дауыстарын ортаға салып, ауыздары жабылмай ән айтады. Балапан жүректерімен музыканы сүйеді. Гүлзинаның да жеті баласы осы концертте тіреп тұрғандай өнер көрсетті.

Сахнаға концерттің ұйымдастырушысы, Орынбайдың қызы Гүлзина шықты. Бұл жолы баянмен ән орындамақ. Халық ұйып тындап отыр. Үстінде әппак көйлегі, алдында сорайған микрофоны, кеудесіне ауырлық түсіріп тұрған баянмен сақынаның жұлдызы келгендей нұрланып тұр. Бір – екі ауыз сөзін сөйледі. Жүрегінен шыққан лебізін айтты. Қандай періште болмасын, жүрегімен ғана сулу бола алады ғой, ал мына Гүлкеннің жүрегінің бар сыры ажарында бейнеленгендей-ақ, халыққа шапағатын шашып тұр. Дәл алдында отырған әкесі Орынбай шалды «Орыннан бір тұрғызып, «Жан әкем» әнін орындай бастады. Орынбай ақсақалды танығының келсе жайнап тұрған Гүлзинаға

бір қарасаныз болды, кім-кіммен ұқсайды, бәрі анық байқалып тұрады. Гүлзинаның әдемі концертін көруге келген халық мүлдем сыймай, есіктің сыртына дейін ағылып тұрды. Мен өз басым мүлдем бұлай болады деп те ойламап едім.

Гүлзина концертті өткізбес бұрын, көп ойланып, толғанып менімен ақылдасатын. Сол бір ақылдарым бұл жолы көлемізге жарап жатты. «Өнерлі отбасы» деп аталған концертке, ауданнан, облыстан айтулы азаматтар келіп, әкімнен басқасының бәрі жиналғандай. Оның өзінде де әкімнің «келе алмай қалдым, жиналыстар шығып, ренжімесің» деген сәлемдемесі болды. Мұның өзі қандай құрмет, шіркін...!?

Басы қатты болса да, аяғы тәтті боларына біз сендік. Аяғымыз талып, Гүлзина, мен және оның күйеуі Абыл үшеуіміздің тыпырымыз 2-3 ай бұрын басталып кеткен. Бәрінен де бүтіндей бір концертті ұйымдастыру, ойластыру Гүлкенге онайға түскен жоқ. Өздерінің таныс болғандай, отбасы бар, енесі бар, жеті баласы бар, қайнағасы бар, күйеуі бар, музыканттық жұмыстары бар, шығып жатқан кітабы бар, әр елде жатқан тумаластарын жинау керек, дайындауы керек, бәрің үйіне жатқызып қондыруы керек, концерттен кейін қонақасы және ауызашар жасап үлкен көлемде қонақ күтеміз деген жоспар да бар, әйтеуір, бәрі-бәрі саралай келгенде қол-аяқтан бұрын мифа ауырлық түсіретін жайттар екенін мен, менен бұрын жолдасы әуел бастан сездік, түсіндік. Әсіресе, бұл әулетке күйеу бала ғана болса да, бүткіл концертке терін төккен, киім, аспап, жылтырақтар, свет, музыкалық аппараттар, бәрі-бәрі, қаржылай да басқалай да көтерген жалғыз Абыл еді. «Қыңк» демеді, тек қана жеткізе білді. Ал қалған тумаластардан келген көмек: дайындыққа келуі мен сахнаға шығуы, «Гүлзина бригадирдың хақарына ұшырамай аман-есен жүру» ғана болды. Себебі, бұл Гүлкен ойнап күлгенімен мінезі баршылық кісі. Ашуланса, есебімен, орнымен ғана ашуланарды. Бірақ дәрежен мен атына, жасың мен мансабына қарамайды, әуелі отты жанарын қадап жібереді де, тиіспей-ақ айналыдырып құлатады. Тезірек орнына келіп, сабана түсіп, бәрін рет-ретімен істей жөнелмесең, құлағаның аз болғандай, сауатты сөзімен шағып алады. Болды, саналы түрде «өлгенсің» қаласың...

...«Көңіл жақсы адамның жарық деген, Өмірі, шығар тауы анық деген, Абыл мен Гүлзинаны көрген кезде Бақытты жануа деп анық сенемін»

– деп өлең арнағандар да өте көп болды. Ақиқатын айтқанда, бұл кісі жайлы айту бір түніндей де азық ететін әлем. Бұл кісіден алатын үлгі данышпаннан тәрбие алғанмен бірдей. Бұл кісінің сұлулығына тамсану, хор қызына ғашық болғанмен тең. Тек Жаратқан, ендігі өмірінде жақсылығын жарылқасын. Бейнетінің зейнетін көруге жазсын, Гүлзина Жұмағалиева.

Орынбай шалдың кенже қызы, Абыл жігіттің келіншегі, балапандарының анасы, Маңғыстаудың таланттысы, тумаластарының асқақ тұтары, белгілі музыкант, жүрегіміздің жартысы, мен сізден асып басқа ешкімді де кейіпкерім қыла алмаймын! Сізді сүйемін, сіз үшін дүниені тәрк етемін. Сіз үшін жаным әзір... Жүрегіміздің жартысы, сіз айтқан са-а-ан мыңдаған адамның барлығы да менің кейіпкерім болуға әбден лайық, тіпті одан да жоғары. Бірақ сіз Алладан кейінгі пірімсіз, сіз ғана бәрінен биіксіз! Тек қана аман болыңыз.

...«Айналайын, ақ Гүлкаш» деп бетін

Шалқар АБЫЛ